

## **КЕЛІСЕМІН»**

Кәсіподақ ұйымының төрағасы:  
Байбосынов Е.Б  
«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

## **«БЕКІТЕМІН»**

ТКМК-нің директоры:  
Рысбеков Қ.О  
«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

### *Колледж қызметкерлері мен студенттері үшін еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі туралы ЕРЕЖЕ*

#### **I. Қауіпсіздіктің жалпы сұрауы**

- 1.1. Колледж жұмысына жасы 18-ге толған, негізгі жоспар бойынша мамандығымен оқытылған, медициналық тексеруден өткен, кіріспе ережемен және жұмыс орнындағы ережемен танысқан тұлға жұмысқа жіберіледі;
- 1.2. Қызметкер жұмыста қатерлі уланатын заттардың зияндығын білуі қажет;
- 1.3. Ережені орындамаған жағдайда ішкі тәртіпке сәйкес тәртіптік сөгіс алады.

#### **II. Жұмыс алдындағы қауіпсіздік шаралары**

- 2.1. Жұмыс бастау алдында өз киімдерін реттеп, керек заттарды дайындау;
- 2.2. Жұмыс орнын ретке келтіріп, жүрер жолдағы кедергі болатын заттарды болдырмау;
- 2.3. Әкімшіліктің рұқсатынсыз өз бетінше қоймадан заттарды беруге тыйым салынады;
- 2.4. Бөлмелердің ішінде тазалық сақталып, ашық электросымдар, жылытқыш электро заттарды пайдалануға тыйым салынады;
- 2.5. Электролампаралдың, тоқ көздерінің жағдайын көріп, жарамдылығын қадағалау.

#### **III. Жұмыс барысында сақталатын қауіпсіздік шаралары**

- 3.1. Жұмыс уақытысында бөлме ауалары тазартылып тұру керек;
- 3.2. Үзіліс кезінде бөлме терезелерінің жанында 0.5 м қашықтықтан жақын тұруға болмайды;
- 3.3. Жұмыс және үзіліс кезінде ашық от жағуға мүлде тыйым салынады;
- 3.4. Үзіліс сайын санитарлық тазалық тексеріліп тұру керек;
- 3.5. Санитарлық құралдар (шелек, еден жуатын мата, швабра) жұмысқа жарамды болу керек;
- 3.6. Егер де электроқондырғыш құралдар пайдаланылса, қадағалаусыз қалдыруға тыйым салынады.

#### **IV. Қауіпті жағдайда қауіпсіздік шаралары**

- 4.1. Өте қауіпті жағдайда (от, күйю, тоққа түсу т.б) тез арада сөндіру жұмысын жүргізу, хабар беру, электроқосқышты өшіру, алғашқы медициналық көмек беру;
- 4.2. Қажет болған жағдайда дәрігерлік көмек көрсету.

#### **V. Жұмыс соңындағы қауіпсіздік шаралары**

- 5.1. Жұмыстан, сабақтан соң барлық электр жүйелерін өшіріп, терезелерді жауып, ешқандай қауіп жоқтығына көз жеткізген соң, кезекші қызметкерге кілтті тапсыру міндетті.